



БЕКІТЕМІН:

ЖШС «Аманат» жеке

балабақшасының меңгерушісі

А.А.Бергеналиева

№1 педагогикалық кеңес шешімімен

29 тамыз 2024 жылы келісілді

**ЖШС «Аманат» жеке балабақшасының
2024 – 2025 оқу жылында оқу – тәрбие жұмысын
ұйымдастыруға арналған жылдық жоспары**

«Аманат» жеке балабақша туралы мәлімет

Мекеме атауы: Орал қаласы, ЖШС «Амир 07», «Аманат» жеке меншік балабақшасы.

Мекеме адресі: М.Еслямғалиұлы көшесі №24

Электронды пошта: too – amir07@mail.ru

Ғимарат түрі: жалпы үлгідегі 1 қабатты

Пайдалануға берілу мерзімі: желтоқсан 2022 жыл

Жобаның қуаттылығы: 41 орын

Оқыту тілі: мемлекеттік тілде

Меңгеруші –Бергеналиева Айдана Асылбекқызы

Әдіскер – Калиева Айжамал Мерекеевна

Балабақшада жас ерекшелігіне қарай - 3 топ жабдықталған:

«Балапан» ортаңғы топ (2 жастан бастап) – 1;

«Жалын» ересек топ (3 жастан бастап) – 1;

«Болашақ» мектеплады топ (4 жастан бастап) – 1;

Балабақшада оқу – тәрбие жұмысында:

-Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті Стандартын; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығының 1,2,3 қосымшаларын; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығына қосымша Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын; Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2024-2025 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатын («Балаларды ерте дамыту институтының» Ғылыми-әдістемелік кеңесінің 2023 жылғы 26 шілдедегі №7 хаттамасы) басшылыққа алады.

Педагогтар туралы мәлімет:

2024 - 2025 оқу жылының басында 8 педагог кадрды құрады: 1 меңгеруші, 1 әдіскер, 6 тәрбиеші.

Жоғары білімді -2 педагог, арнаулы орта білімді – 6 педагог. Педагог –модератор –2, санатсыз – 6.

Балабақшада: логопед, медицина кабинеттері жабдықталған.

Жылдық міндеттерді жоспарлау

«Аманат» жеке балабақшасының ағымдағы жылға алынған міндеттері:

№	Міндеттер сипаты	Күтілетін нәтиже
1	Ертегілер арқылы балалардың шығармашылық қабілетін жан – жақты дамыту	Ертегіні күнделікті қолданудың жаңа түрлері; Ертегі жанрын тәрбие үрдісінде қолдану жандандыру. Балалар өзіне қазіргі заманда ертегіні қолдану аясын анықтау. (№ 2 ПК)
2	«Мектеп жасына дейінгі балаларды ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу»	Ұлттық мінез-құлықтың негізгі дағдыларына тәрбиелеу, үлкенге құрмет, кішіге қамқор бола білетін жеке тұлғаны қалыптастыру, бала бойына ұлттық құндылықтарды сіңіре отырып, адамгершілікке тәрбиелеу. (№ 2 ӘК)

Мектепке дейінгі ұйымдары өз қызметінде мынадай нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алады:

- 1.«Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы
https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_
- 2.«Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000293>
3. «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000345_
4. «Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы
https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000306_
5. «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы
https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000306_
6. «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы»Қазақстан Республикасының Заңы
https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000343_
- 7.Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000137>
8. «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100023469>
9. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029031>
10. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1200008275>
11. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламалары
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600014235>
12. Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029329>
13. Білім беру қызметтерін көрсетудің үлгілік шартының нысандары
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013227>
14. Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттары
https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P080000077_
15. Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары
https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V090005750_
- 16.Жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормалары
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013272>

17. Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидалары

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1700015584>

18. Мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарын бейнебақылау жүйелерімен жарақтау стандарттары және оларға қойылатын талаптар

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1900018239>

19. Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидалары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020883>

20. Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020708>

21. Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесі <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2000020317>

22. Педагогикалық әдеп қағидалары <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2000020619>

1. Педагогтердің біліктілігі мен кәсіби шеберлігін арттыру

1.1 Біліктілікті арттыру курстарынан өту жоспары

№	Педагогтардың аты-жөні	Қызметі	Соңғы өткен жылы	Өтетін жылдары		
				2024 ж	2025 ж	2026 ж
1	Бергеналиева Айдана Асылбековна	меңгеруші	2023 ж.			+
2	Калиева Айжамал Мерекеевна	әдіскер	2024 ж.			
3	Пазыл Айгерім Боранбайқызы	тәрбиеші	2019 ж.	+		
4	Қисметова Нәзира Асылбекқызы	тәрбиеші	жоқ	+		
5	Төлеуқұлова Ақбота Маратқызы	тәрбиеші	2023 ж.			+
6	Ниязова Молдир Сериковна	тәрбиеші	жоқ	+		
7	Жумашева Алия Сатыбалдиевна	тәрбиеші	2024 ж.			
8	Нұршалиева Шұға Өтегенқызы	тәрбиеші	жоқ	+		

1.2 Педагогтардың біліктілік санатына аттестаттаудан өту жоспары

№	Педагогтың аты-жөні	Лауазымы	Біліктілік санаты	Мерзімі
1	Бергеналиева Айдана Асылбековна	меңгеруші	Санатсыз	2024 ж.
2	Калиева Айжамал Мерекеевна	әдіскер	Педагог – модератор, 2024 ж	2029 ж.
3	Пазыл Айгерім Боранбайқызы	тәрбиеші	Педагог – модератор, 2019ж	2026 ж.
4	Қисметова Нәзира Асылбекқызы	тәрбиеші	Санатсыз	2024 ж.
5	Төлеуқұлова Ақбота Маратқызы	тәрбиеші	Санатсыз	2024 ж.
6	Ниязова Молдир Сериковна	тәрбиеші	Санатсыз	2024 ж.

7	Жумашева Алия Сатыбалдиевна	тәрбиеші	Санатсыз	2024 ж.
8	Нұршалиева Шұға Өтегенқызы	тәрбиеші	Санатсыз	2024 ж.

1.3 Кәсіби шеберлікті арттыру мақсатында педагогтердің әдістемелік бірлестіктерге, конференцияларға, дөңгелек үстелдерге, вебинарларға, шеберлік сыныптарына және т.б. баруы

№	Шаралар	Түрі	Мерзімі	Жауаптылар
1	«Ұлттық ойындар арқылы балаларды ұлтжандылыққа тәрбиелеу»	Шеберлік сынып	сәуір	Тәрбиеші

1.4 Педагогтердің өз білімін жетілдіруі

№	Педагогтың аты-жөні	Қызметі	Өз бетімен білімін көтеру тақырыбы
1	Бергеналиева Айдана Асылбековна	меңгеруші	«Педагогтың кәсіби құзыреттілігі-білім сапасын көтерудің факторы»
2	Калиева Айжамал Мерекеевна	әдіскер	«Бала тілін дамытудағы ойын технологиясының маңызы»
3	Пазыл Айгерім Боранбайқызы	тәрбиеші	«Ойын арқылы балалардың ойын дамыту»
4	Қисметова Нәзира Асылбекқызы	тәрбиеші	«Мектеп жасына дейінгі балалардың дидактикалық ойындар арқылы бакалдық қабілеттерін арттыру»
5	Төлеуқұлова Ақбота Маратқызы	тәрбиеші	«Ойын арқылы таным үрдістерін, қол машықтарын дамыту»
6	Ниязова Молдир Сериковна	тәрбиеші	«Сурет салу оқу қызыметінде дәстүрден тыс әдістерді қолдану арқылы балаларды шығармашылыққа баулу»
7	Жумашева Алия Сатыбалдиевна	тәрбиеші	«Баланың жан-жақты дамуына бағытталған дамытушы орта құру – сапалы тәрбиенің кепілі»
8	Нұршалиева Шұға Өтегенқызы	тәрбиеші	«Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық үрдістерін ойын арқылы дамыту»

2. Педагогикалық-ұйымдастырушылық жұмыс

2.1 Педагогикалық кеңестерді дайындау және өткізу

Мақсаты: Тәрбие-оқыту процесінің деңгейін көтеру үшін ұжымның жұмысын белсендету, практикада педагогикалық ғылыми жетістіктер мен озық тәжірибені қолдану, балаларды сауықтыру, тәрбиелеу, оқыту және дамытуда педагогтардың жаңа пікірлерімен толықтыру.

№	Атқарылатын жұмыстар	Мерзімі	Жауапты
I	№1 педагогикалық кеңес «2024-2025 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру» Мақсаты: «Жаңа оқу жылында тәрбие мен оқыту үдерісін тиімді	Қыркүйек	Меңгеруші, Әдіскер, педагогтер

	<p>ұйымдастыру»</p> <p>1. Жылдық жоспарды бекіту</p> <p>-Жылдық мақсаттар мен міндеттерді нақтылау</p> <p>-Оқу жоспары бекіту</p> <p>-Ұйымдастырылған оқу қызметтерінің үлестірілу кестесін талдау</p> <p>-Перспективалық жоспарларды жүйелеу</p> <p>-Топтардағы күн тәртібін нақтылау</p> <p>- Дамытушы ортаны жетілдіру</p> <p>-«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы</p> <p>- Жасанды интеллект технологияларын меңгеру</p> <p>- Ата-аналармен жұмыс</p> <p>- Ішкі тәртіп ережелері</p> <p>- Балалардың қауіпсіздігі мен денсаулығы</p> <p>3.Педагогикалық тренинг:</p> <p><i>«Мектепке дейінгі ұйым педагогының кәсіби дамуы: бүгінгі сұраныс»</i></p>		
II	<p>№2 Педагогикалық кеңес:</p> <p>«Ерекше білімді қажет ететін балалардың танымдық қызығушылығын ойын арқылы арттыру»</p> <p>Қаралған мәселе:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Цифрлық технологияларды қолдану - Дамытушы орталықтарды жетілдіру - Жасанды интеллект технологияларын меңгеру - Мемлекеттік аттестаттауға дайындық - Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу - Ішкі тәртіп ережелерін сақтау 	Желтоқсан	Меңгеруші, Әдіскер, педагогтер
III	<p>№3 педагогикалық кеңес тақырыбы:</p> <p>«Көркем шығармалар қойылымдары мен интеллектуалдық ойындар арқылы баланың сөйлеу тілін, қарым-қатынас мәдениетін дамыту және логикалық ойлау қабілеттерін арттыру»</p> <p>Мақсаты:</p> <p>Балабақша мен отбасы, мектеп арасындағы өзара іс-қимылды күшейту арқылы баланың әлеуметке бейімделуіне, әлеуметті-педагогикалық қолдау көрсетуге жағдай жасау.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. №2 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалу есебі 2. Топтардың дамытушы орталықтардың жұмысы 3. Балалардың білім деңгейін арттыру 4. Іс-тәжірибе алмасу жұмыстары 5. Балалардың сөйлеу мәдениетін дамыту 6. Логикалық ойлау қабілеттерін дамыту 7. Педагогтердің этика – эстетикалық , мәдениеті 8. «Үздік педагог-2025» байқауына қатысу 9. Ішкі тәртіп 	Ақпан	Меңгеруші, Әдіскер, педагогтер
IV	<p>№4 Педагогикалық кеңес тақырыбы:</p> <p>«Әдеп нормаларын бұзушылықтарды талдау және шешу жолдары»</p> <p>Қаралған мәселе:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Әдеп нормаларын бұзушылықтарды талдау 2. Этикалық мәдениетті қалыптастыру 	Сәуір	Меңгеруші, Әдіскер, педагогтер

	<ol style="list-style-type: none"> 3. Қызметкерлердің эмоционалдық тұрақтылығы 4. Мотивациялық жұмыстар 5. Шағымдар мен ұсыныстарды қарау 6. Ұжымдағы өзара сыйластық 7. Әдеп нормаларын бақылау 		
V	<p>№5 педагогикалық кеңес тақырыбы: «2024-2025 оқу жылының қорытындылары» Мақсаты: Балабақшаның оқу тәрбие жұмысының жағдайын анықтау, келесі оқу жылына жұмыс бағытын белгілеу. Күн тәртібі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. №4 педагогикалық кеңестің шешімін талдау. «Жетістіктер мен проблемалар» 2024-2025 оқу жылындағы жылдық тапсырманың орындалуы. 2. «Біздің жетістігіміз» тәрбиешілердің жылдық қорытынды есебі. 3. 2024-2025 оқу жылындағы балалардың мектепке дейінгі білім бағдарламаларының базалық мазмұнын меңгеру сапасының өлшем бағалар мониторингісін өткізу туралы есеп. 4. Жазғы сауықтыру шараларын талқылау және бекіту 5. Балалардың өмірі мен денсаулығын ұйымдастыру туралы нұсқаулық және бұйрығымен таныстыру. 6. «Тұлғалық эмоцияналдық тұрақтылығы» 	Мамыр	Меңгеруші, Әдіскер, педагогтер

2.2 Әдістемелік кеңестер

№	Іс-шара тауы	Өткізу мерзімі	Аяқтау нысаны	Жауапты
1	<p>Тақырыбы: «Сапалы білім мен тәрбиенің негізі – тиімді жоспарлау» Мақсаты: Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру, жаңа оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмысының негізгі бағыттарын айқындау.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Жаңа оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмысының негізгі бағыттары. 2. Педагогтердің құжаттарын талапқа сай жүргізу (перспективалық жоспар, циклограмма, мониторинг). 3. Педагогтердің кәсіби даму жоспары және өзіндік білім жетілдіру жұмыстары. 4. Жас мамандарға әдістемелік қолдау көрсету. 5. Балалардың жаңа ортаға бейімделу кезеңін ұйымдастыру. 6. Ата-аналармен серіктестік қарым-қатынасты нығайту. 7. Ағымдағы мәселелер. 	Қыркүйек	Хаттама	Әдіскер
2	<p>Тақырыбы: «Заманауи педагогтің кәсіби құзыреттілігі және инновациялық тәжірибесі» Мақсаты: Педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру және тиімді тәжірибелерді тарату.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Өткен әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы. 2. Педагогтердің шығармашылық және зерттеу жұмыстарының нәтижелері. 3. Ұйымдастырылған іс-әрекеттерде инновациялық 	Желтоқсан	Хаттама	Әдіскер, тәрбиеші

	әдіс-тәсілдерді қолдану. 4. Тәрбиешілердің өзара тәжірибе алмасуы. 5. Ата-аналармен жүргізілген жұмыстардың тиімділігі.			
3	Тақырыбы: «Ұлттық құндылықтар негізінде бала тұлғасын қалыптастыру» Мақсаты: Ұлттық тәрбие арқылы балалардың танымдық, рухани және әлеуметтік дамуын жетілдіру. 1. Ұлттық ойындар мен дәстүрлерді оқу-тәрбие процесіне енгізу тәжірибесі. 2. Балалардың I жартыжылдықтағы даму мониторингінің қорытындысы. 3. Тіл дамыту және коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру жұмыстары. 4. Педагогтердің әдістемелік қызметіне талдау жасау.	Сәуір	Хаттама	Әдіскер, тәрбиеші

2.3 Озық педагогикалық тәжірибені зерделеу, жалпылау, енгізу, тарату:

№	Педагогтің аты – жөні	Тәжірибе тақырыбы	Жұмыс кезеңінің оқып – үйрену, қорытындылау таратылу түрі	Кезеңдері, мерзімі	Жауаптылар
1	Пазыл А.Б	«Ойын-мектеп жасына дейінгі балалардың жетекші іс-әрекеті»	-педагогикалық – әдістемелік журналдарға жариялау;	Жыл бойы	педагог
2	А.М.Калиева	«Мектеп жасына дейінгі балаларға адамгершілік-патриоттық тәрбие беру»	-озық педагогикалық тәжірибе тарату	Жоспар бойынша	әдіскер

2.4 Заттық – кеңістіктік дамытушы ортаны ұйымдастыру

№	Мазмұны	Жауаптылар	Мерзімі
1	Балабақшаның ішкі және сыртқы алаңдарын жабдықтау, жаңарту	Меңгеруші әдіскер	қыркүйек
2	-«Заттық-дамыту ортасын құрудағы инновациялық әдіс» \кеңес беру\	әдіскер	қаңтар

2.5. Кәсіби шеберлік конкурстарының және спорттық жарыстардың тізбесіне сәйкес конкурстарға қатысу

2.6 Кеңес беру

№	Мазмұны	Жауаптылар	Мерзімі
1.	Мониторинг жүргізудің әдістері мен тәсілдері	Әдіскер	қыркүйек

2.7 Кеңес беру

№	Мазмұны	Жауаптылар	Мерзімі
1.	Мониторинг жүргізудің әдістері мен тәсілдері	Әдіскер	қыркүйек

2.8 Ашық есік күніне қатысу

№	Тақырыбы	Мерзімі	Жауапты
1	Біз балабақшада бос жүрмейміз	сәуір	Меңгеруші, әдіскер, тәрбиешілер, маман

2.9 Әдістемелік кабинеттерді жабдықтау және материалдармен толықтыру

№	Жұмысының түрі	Жауаптылар	Уақыты
1	Барлық топтардың үіз кестелерін, күн тәртібі кестесін, жылдық жоспар құру	Меңгеруші Әдіскер	тамыз

2.10. Тәрбие жұмысы. Тәрбиеленушілердің қатысуымен әлеуметтік адамгершілік, тұлғалық, эстетикалық, экологиялық және дене тәрбиесі бойынша іс-шаралар (конкурстар, көрмелер, экскурсияла, дене шынықтыр уіс-шаралары және т.б.)

«Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру аясындағы жұмыс жоспары

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже:

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.
2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.
3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.
4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.
5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП

Ұлттық мүдде құндылығы:

- Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу;
- Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу;
- Ұлттық мұраға ұқыпты қарау;
- Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту;
- Қазақстан мүддесін қызмет етуге ұмтылу;
- Қоғам игілігі үшін қызмет ету;
- Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу;
- Ұлттық мәдениетті дәріптеу.

Күтілетін нәтижесі:

- Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл;

- Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді;
- Елінің тарихын құрметтейді;
- Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді;
- Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары.

Ар-ұят құндылығы:

- Академиялық адалдық қағидатын қолдау;
- Адал еңбекті құрметтеу;
- Сөзіне берік, ісіне адал болу;
- Халқына адал қызмет ету;
- Әдеп нормаларын ұстану;
- Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну;
- Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту;
- Өзін отбасының, Отанның бір мүшесі екенін сезіну.

Күтілетін нәтижесі:

- Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды;
- Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытатады;
- Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды;
- Достарын сыйлайды;
- Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді.

Талап құндылығы:

- Сыни және креативті ойлау;
- Жеке және командамен жұмыс істей білу;
- Білуге, жаңаны тануға құштар болу;
- Физикалық белсенді болу;
- Салауатты өмір салтын ұстану;
- Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету;
- Дұрыс қарым-қатынас орната білу;
- Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.

Күтілетін нәтижесі:

- Жан мен тән тазалығын сақтайды;
- Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді;
- Қоршаған орта тазалығын сақтайды;
- Ізденімпаз, жасампаз тұлға.

Туғаннан 6 жасқа дейінгі бала тәрбиесі

Мектеп жасына дейінгі бала тәрбиесінде:

- Баланың дербес әрекетіне қолдау көрсету;
- Баланың шексіз мүмкіндіктеріне сенім білдіру;
- Баланың қызығушылық танытқан іс-әрекеттерін сынап көруіне мүмкіндік беру ұсынылады.

Ұсынылады:

- Бесік-жырлары, арнау-тілек өлеңдер, өтірік өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар мен мақал-мәтелдер, жұмбақтар, балалар айтысы және басқа да балалардың тілдік қарым-қатынас жасауына қолайлы халық ауыз әдебиетінің үлгілері мектеп жасына дейінгі бала тәрбиесінің құралы ретінде жүйелі қолдану;
- Балабақшада түскі (ұйқы) демалыс алдында оның жақсы ұйықтап, тынығуы үшін 0-3 жас аралығындағы бөбектерге бесік жырын (басқа да балаларға арналған жағымды әуенді әндер) тыңдату, ал 3 жастан асқан балаларға мейірімділік пен жақсылықты дәріптейтін ертегілер айту дәстүрін енгізу;
- Балалармен ертегі сағаттары, «Әжемнің ертегісі», «Бал бала» тіл ширату жобалары мен іс-шараларын жүзеге асыру;
- Балалардың жас ерекшелігін, қызығушылығы мен қажеттілігін ескере отырып ұлттық қимыл-қозғалыс ойындарын, спорттық қимыл-қозғалыс ойындарын жүйелі қолдану ұсынылады.

Ертеңгіліктер

№	Шара мазмұны	Мақсаты	Жауапты	Уақыты
1	Мәңгілік жаса, менің Қазақстаным	Отанына деген құрмет сезімін тәрбиелеу, мерекелік көңіл күй сыйлау, туған еліне деген сүйіспеншілікке баулу.	Әдіскер, ересек топ тәрбиешілері.	қазан
2	«Берекелі алтын күз!»	Күз туралы білімдерін тиянақтау, күзгі табиғат әсемдігін сезінуге тәрбиелеу.	Әдіскер, тәрбиешілер	Қазан
3	«Республикам менің»	Балаларға Қазақстан Республикасының рәміздері туралы түсініктерін кеңейту. Егеменді еліміздің туын жоғары ұстайтын болашақ азаматтарды тәрбиелеу.	ересек топ тәрбиешілері	қазан
4	«Тұғыры биік Тәуелсіздік»	Балаларға Тәуелсіздік Қазақтан Республикасының өткені мен болашағы туралы мағлұматтар беру	ересек топ тәрбиешілері	желтоқсан
5	«Қош келдің Жаңа жыл!»	Балаларға мерекелік көңіл күй тудыру, шыршаның қалай әдемі де сәнді безендірілгеніне назар аударту.	ересек тәрбиешілері	желтоқсан
6	«Ана –біздің гүліміз»	Балалардың анаға деген құрметін ояту. Балалық сезімдерін сөз арқылы жеткізе білуге үйрету	Ересек, кіші топ тәрбиешілері	Наурыз
7	«Армысың әз Наурыз!»	Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесінің ерекшеліктерімен таныстыру. Наурыз мерекесі туралы түсінік беру. Мерекелік көңіл күй қалыптастыру.	ересек, кіші топ тәрбиешілері, мамандар	Наурыз
8	«Бірлігіміз жарасқан»	Бірлік, ынтымақтастық туралы түсініктерін кеңейту, көп ұлтты халқымыздың тыныштығы мен бірлігін нығайтуға атсалысатын азамат болуға тәрбиелеу	Ересек топ тәрбиешілері	Мамыр
9	«Қош бол, балабақша!»	Балалардың мерекелік көңіл күйлерін қалыптастыру. Балабақша, мектеп туралы өлең шумақтарын, әндерін айтқызу	Ересек топ тәрбиешілері	Мамыр

Көрмелер

№	Шара мазмұны	Мақсаты	Жауапты	Уақыты
1	«Күзгі фантазия»	Күзгі көкөніс, жемістерден ата - аналармен көрме ұйымдастыру	Әдіскер Тәрбиешілер	қазан
2	«Ыстық жанұям»	Балалардың отбасылық суреттерін, ыстық отбасы туралы салған	Әдіскер Тәрбиешілер	қазан

		шығармашылық жұмыстарын көрмеге шығару.		
3	«Табиғатты аялайық!»	Табиғат, қамқорлық, құндылық туралы түсініктерін қалыптастыру. Табиғат пен адамдар арасындағы байланысты түсіндіру.	Әдіскер Тәрбиешілер	қараша
4	«Қыс кереметтері» колөнер	Қыс мезгілінің табиғи ерекшеліктерін меңгерту. Сурет мазмұнын құруға, қысқы табиғат, қысқы еңбек, қысқы серуен жайында түсінік беру.	Әдіскер Тәрбиешілер	желтоқсан
5	«Елімнің еркіндігі Тәуелсіздік!»	Балалардың Отанға деген сүйіспеншілігін оята отырып, патриоттыққа тәрбиелеу	Әдіскер Тәрбиешілер	желтоқсан
6	«Мен ғарышкер боламын!»	Ғарыш, ғарышкер туралы түсінік қалыптастыру	Әдіскер Тәрбиешілер	Сәуір

Тақырыптық іс-шаралар

№	Шара мазмұны	Мақсаты	Жауапты	Уақыты
1	«Балабақша - болашаққа бастар жол»	Білім күні туралы түсінік беру. Оқып, білуге деген ынтасын тәрбиелеу.	Әдіскер, тәрбиешілер	1 қыркүйек
2	«Мемлекеттік тіл- ұлт тірегі!»	Тілдер мерекесі туралы түсініктерін қалыптастыру. Өз ана тілін сүйюге, басқа тілді құрметтеуге тәрбиелеу.	тәрбиешілер	5 қыркүйек
4	«Мамандығым-мақтанышым» Эссе жазу	Мамандығым мақтанышым тақырыбында эссе жазу	Әдіскер, тәрбиешілер	қазан
5	«Бір отбасы-бір кітап Мобильді кітапхана»	Отбасылық кітап оқу дәстүрін жаңғырту. Мобильді кітапхана ұйымдастыру.	Әдіскер, тәрбиешілер	қараша
7	«Тәуелсіздік -ел тірегі!»	Өз Отанына, туған жеріне деген сүйіспеншілігін арттыра отырып, еліміздің рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу.	Әдіскер, тәрбиешілер	желтоқсан
8	«1 наурыз – Алғыс айту күні»	Балалардың сыйластық құндылығы туралы түсініктерін кеңейту, ризашылық рахмет, алғыс туралы түсінік беру.	Әдіскер, тәрбиешілер	наурыз
9	Театр фестивалі	Мектепке дейінгі балалардың шығармашылық қабілетін дамыту	Әдіскер, тәрбиешілер	наурыз
10	«Наурыз-көктем мерекесі»	Наурыз мейрамының мән мағынасын ашу	Әдіскер, тәрбиешілер	наурыз
11	«Біздің ғарышкерлер»	Ғарыш әлемі, Байқоңыр ғарыш айлағы, ғарышкерлер күні туралы түсінік беру. Қазақстанның тұңғыш ғарышкерлері ерлігі туралы	Әдіскер, тәрбиешілер	сәуір

		айту.		
12	«Отан қорғаушылар күні»	Отан қорғаушылар күні мерекесін сезіндіру.	Әдіскер, тәрбиешілер	мамыр

Ойын - сауықтар

№	Шара мазмұны	Мақсаты	Жауапты	Уақыты
1	«Мен әдепті баламын»	Баланың бойында адамгершілік қарым-қатынас жасай білу дағдыларын қалыптастыру Әдептілікті дәріптеу.	Тәрбиешілер, музыка жетекшілері	Қазан
2	«Бағдаршам және біз»	Жолда жүру ережелері туралы түсінік беру. Балаларды жолда жүру ережелеріне сәйкес бағдаршамның атқаратын қызметімен таныстыру.	Тәрбиешілер, музыка жетекшілері	желтоқсан
3	«Мақал-сөздің азығы, жұмбақ-ойдың қазығы»	Мақал –мәтел ата-бабамыздан қалған өшпес мұра. Көлемі жағынан шағын болғанмен мағынасы терең, құны қымбат қазына екенін түсіндіру.	Тәрбиешілер, музыка жетекшілері	қаңтар
4	«Қыстайтын құстарға көмектес»	Балалардың құстарға, табиғатқа қамқорлық сезімдерін ояту. Құстар туралы түсініктерін кеңейту.	Тәрбиешілер, музыка жетекшілері	қаңтар
5	«Қыс қызығы!»	Балалардың қыс мезгілі туралы түсінігін кеңейту. Қыс мезгілінің сұлулығын тамашалай білуге, табиғаттың ерекшелігін сезіне білуге үйрету.	Тәрбиешілер, музыка жетекшілері	ақпан
6	Бауырсақ fest Фестиваль	Бауырсақ туралы түсінік беру. Бауырсақ фестивалін өткізу	Тәрбиешілер, музыка жетекшілері	ақпан
7	«Жол тәртібін білейік, аман-есен жүрейік!»	Жолда жүру ережесін есте сақтауға, бағдаршамның, жол белгілерінің атқаратын қызметі қандай екенін үйрету.	Тәрбиешілер, музыка жетекшілері	сәуір

Экскурсиялар, саяхаттар

№	Шаралар мазмұны	Мақсаты	Жауапты	Уақыты
1	Мектепке саяхат	Білім мекемесімен таныстыру	Әдіскер, ересек топ тәрбиешілері	қыркүйек
2	«Қарға оранған қала»	Балабақша ауласы	топ тәрбиешілері	қаңтар
3	Жеңіс алаңы	Балаларға жеңіс күні туралы түсіндіру	Әдіскер, ересек топ тәрбиешілері	мамыр

Дене шынықтыру, сауықтыру іс-шаралары

№	Шара мазмұны	Түрі	Жауапты	Уақыты
1	«Спорт әлеміне саяхат»	Денсаулық күні	тәрбиешілер	Қазан
2	Көңілді старт» эстафеталық жарыс	Денсаулық күндері	тәрбиешілер	қараша
3	«Қысқы боулинг» топ аралық шара	Дене шынықтыру мерекесі	тәрбиешілер	желтоқсан
4	«Мен спортты сүйемін!»	Қысқы эстафеталық жарыс	тәрбиешілер	қаңтар
5	«Біз аяздан қорықпаймыз» (серуен)	Режимдік сәттер	тәрбиешілер	ақпан

6	«Алтын асық» ойындары	Дене шынықтыру сауық кештері	тәрбиешілер	наурыз
7	Спорт біздің досымыз» спорттық шара»	Денсаулық күндері	тәрбиешілер	сәуір
8	Мен және менің спортшы отбасым» денсаулық күніне арналған спорттық шара	Дене шынықтыру мерекесі	тәрбиешілер	мамыр

2.16 Тәрбиелеу – білім беру процесін психологиялық- педагогикалық және медициналық

қолдау: мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды ұйымдастыруда арнайы педагогтың, медицина қызметкерінің жұмыс түрлері.

№	Жүргізілетін іс-шаралар	Өткізілу мерзімі	Топтар	Дәрежесі	Жауапты
1	Баланың өмірін қорғау туралы нұсқаулар	Жарты жыл сайын	Барлық топтар	Қызметкермен	медбике
2	Өрт қауіпсіздігі туралы нұсқаулар	Жарты жыл сайын	Барлық топтар	Қызметкермен	меңгеруші

2.17 Тәрбиеленушілердің отбасыларымен өзара қарым-қатынас (ата-аналар жиналыстары, семинарлар, тренингтер, дөңгелек үстелдер, кеңестер және т.б.)

Мақсаты: ата-аналардың (заңды өкілдерінің) психологиялық –педагогикалық құзыреттілігін арттыру, балаларға тәрбие мен білім беруде міндеттерді бірігіп шешуге тарту, отбасымен ынтымақтастықты нығайту

	Тақырыбы	түрі	жауаптылар	Уақыты
1	«Бала тәрбиесі-ортақ міндетіміз»	жалпы жиналыс	Меңгеруші: Әдіскер:	қыркүйек
2	I.«Отбасы мен бөбекжай ынтымақтастығы» Күн тәртібі: 1. «Кездесу» тренинг 2. Нормативтік құжаттармен таныстыру.	Топ жиналысы	топ тәрбиешілері	Қазан
3	2. «Бала біздің болашағымыз» Күн тәртібі: 1. «бала денсаулығына қамқорлық» 2. «Қыс мезгілінде балалардың денсаулығын нығайту. Ашық есік күні	Дәстүрлі жиын	Топ тәрбиешілері	қаңтар
4	«Балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру» Күн тәртібі: 1. Жылдық жұмыстың орындалуы 2. Балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру Ағымдағы мәселелер	Дөңгелек үстел	Топ тәрбиешілері	Мамыр

2.18 Мектепке дейінгі ұйымдарда жазғы сауықтыру кезеңін ұйымдастыру бойынша жұмыс

Мақсаты: Жазғы демалыста балалардың ағзасын нығайту, ауруға қарсы тұруға оңтайлы жағдай құру; Балалардың жеке қасиеттерін ескере отырып, психологиялық және дене тәрбиелерін жетілдіру. Оқыту мен тәрбиелеу жұмыстарын табиғат аясында, таза ауада ойын

түрінде ұйымдастырып, викториналық сұрақтар, интеллектуалды ойындар жүргізу арқылы балалардың танымдық белсенділіктерін дамыту.

Міндеттері:

- Бала денсаулығын нығайтатын дене шынықтыру-сауықтыру жұмыстарын (спорттық және қимылды ойындар, музыкалық ырғақты қимылдар, массаж жасайтын кілемшенің үстінен жүру, т.б.) жүргізу;
- Дұрыс тамақтануды ұйымдастыру (фитошай, жемістер мен жидектер, т.б.);
- Шынықтыру (күннің астында болу, шөптің үстімен жалаңаяқ жүру, ұйықтар алдында аяқты жуу, т.б.) жұмыстарын жүргізу;
- Балалардың жазғы демалысын ұйымдастыруда ата-аналардың жалпы педагогикалық мәдениетін арттырып, бөбекжаймен ынтымақтастықта жұмыс жүргізу.